

**«Астана-АЭК» АҚ  
сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін  
ішкі талдау қорытындылары бойынша  
талдамалы анықтама**

**Астана қаласы**

**21 маусым 2024 жыл**

Мен, «Астана-АЭК» АҚ комплаенс-офицері С.А. Аманжолов құрамында «Астана-АЭК» АҚ Басқарма төрағасы Р.Т. Абжанов, ҚҚ бастығы Е.С. Коппаев, ТМШҚ бастығы Н.П. Айтимов, ЭЖҚЖҚ бөлімінің бастығы О.В. Гурьянова, ЖЭБ бастығы А.А. Матайс, ЖКҚ бастығы Т.М. Ермагамбетов, ЗҚ бастығы Е.П. Смышляева, ҚҚ жетекші инженері Е.М. Мухаметжанов бар жұмыс тобымен бірлесіп «Астана-АЭК» АҚ Басқарма төрағасының 2024 жылғы 17 сәуірдегі №235-НҚ «Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу туралы» бұйрығы негізінде Қоғам бөлімшелерінде сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргіздім.

Ішкі талдау 2023 жылғы 01 қазаннан 2024 жылғы 30 сәуірге дейінгі кезеңді қамтыды.

Талдау «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 18 қарашадағы №410-V Заңының 8-бабының 5-тармағына, Қазақстан Республикасы Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі (Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет) Төрағасының 2023 жылғы 16 қаңтардағы №21 бұйрығымен бекітілген Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізудің үлгілік қағидаларына, Қазақстан Республикасы Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі (Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет) Төрағасының 2022 жылғы 30 желтоқсандағы №488 бұйрығымен бекітілген Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу жөніндегі әдістемелік ұсынымдарға, Басқарманың 2021 жылғы 20 тамыздағы №21-32 шешімімен бекітілген «Астана-АЭК» АҚ-да сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу қағидаларына сәйкес жүргізілді.

### ***Кәсіпорын туралы***

«Астана қаласының Активтер және мемлекеттік сатып алу басқармасы» ММ Қоғамның акциялар пакетінің 100% ұстаушысы, «Астана қаласының Энергетика басқармасы» ММ уәкілетті орган болып табылады.

Қоғамның 2023 жылғы 28 наурыздағы № 06-12/41-2 жарғысы жалғыз акционердің шешімімен жаңа редакцияда бекітілді.

Жарғының қолданыстағы редакциясындағы «Астана-АЭК» АҚ (бұдан әрі – Қоғам) қызмет түрлері:

1. Электр энергиясының тарату;
2. Электр энергиясын беру.

Қоғамның функционалдық міндеттерін орындау Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерімен, азаматтық және еңбек

кодекстерімен, Жарғымен, сондай-ақ Қоғамның ішкі құжаттарымен регламенттеледі.

Қазіргі уақытта Қоғам құрылымында 42-бөлімше бар, штат саны 1691 қызметкер.

Талданған кезеңде 206 қызметкер жұмысқа қабылданды.

Көсіпорындағы жұмыс өтілі: 1 жылға дейін – 925 қызметкер, 1 жылдан 5 жылға дейін – 503 қызметкер, 5 жылдан 10 жылға дейін – 193 қызметкер, 10 жылдан астам – 70 қызметкер.

Талданатын кезеңде 145 қызметкер бойынша еңбек шарттары тоқтатылды және бұзылды, оның ішінде теріс себептер бойынша 3 қызметкер (2023 жылғы 24 қазандығы 952-Л/С, 953-Л/С, 954-Л/С бұйрықтар). Сондай-ақ, Қоғамның 12 қызметкери тәртіптік жауапкершілікке тартылды.

### **Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау келесі бағыттар бойынша жүзеге асырылды:**

- 1) Қоғамның қызметін реттейтін нормативтік-құқықтық актілерде сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау;
- 2) Қоғамның ұйымдастырушылық-басқарушылық қызметінде сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау;
- 3) сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ұшырағыш лауазымдарды айқындау;
- 4) мұдделер қактығысына байланысты сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау;
- 5) рұқсат беру функцияларын іске асыруға байланысты сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау;
- 6) бақылау-тексеру функцияларын іске асыруға байланысты сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау;
- 7) бюджет және қаржы қаражатын игеру және бөлу кезінде сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау;
- 8) жеке және заңды тұлғалармен шарт жасасу кезінде сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау;
- 9) ақпараттық жүйелерді әзірлеу және пайдалану кезінде сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау;
- 10) Қоғамның ұйымдастырушылық-басқарушылық қызметінен туындастырылғандағы де мәселелер бойынша сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау.

#### **1. Персоналды басқару, оның ішінде сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ұшыраган лауазымдарды айқындау**

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу барысында Қоғамның қызметін реттейтін нормативтік-құқықтық актілер мен ішкі құжаттар; Қоғамның қызметі туралы ведомстволық статистикалық есептілік; Қоғамның қызметі туралы мемлекеттік және құқық қорғау органдарының ақпараттық жүйелерінің деректері; Қоғамға қатысты бұрын мемлекеттік органдар жүргізген тексерулердің нәтижелері; ішкі аудиттің бақылау іс-шараларының нәтижелері;

сыбайлас жемқорлыққа қарсы мониторингтің нәтижелері; бұқаралық ақпарат құралдарындағы жарияланымдар; жеке және заңды тұлғалардың Қоғамға қатысты өтініштері; сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасағаны үшін Қоғам қызметкерлерін анықтау және жауапкершілікке тарту туралы мәліметтер; сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне бұрын жүргізілген ішкі талдау нәтижелері; Қоғам қызметкерлерінен сұрау салу нәтижелері; ұсынуға ҚР заңнамасында тыйым салынбаған өзге де мәліметтер зерделенді.

Қоғамның жеке ішкі құжаттары зерттелді:

1. Қоғамның сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саясаты;
2. Қоғамның 2020-2025 жылдарға арналған инвестициялық бағдарламасы;
3. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі нұсқаулық.
4. Қызметкерлер мен лауазымды адамдар арасындағы мұddeлелер қақтығысын анықтау және реттеу саясаты.
5. Іскерлік этика кодексі;
6. Қызметтік тергеп-тексерулер жүргізу қағидалары.
7. Ұжымдық шарт;
8. Корпоративтік кодекс.
9. Тәртіптік комиссия туралы ереже.
10. Дербес деректерді қорғау туралы ереже.
11. Тәуекелдерді басқару саясаты.
12. Негізгі құралдар мен материалдық емес активтерді есепке алу жөніндегі регламент.
13. Дебиторлық және кредиторлық берешекті есепке алу жөніндегі регламент.
14. Тауарлы-материалдық құндылықтарды есепке алу жөніндегі регламент.
15. Салықтық есеп саясаты.
16. Іссапарлар туралы ереже.
17. Төлем операцияларын жүзеге асыру регламенті.
18. Тауарларды, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерді мемлекеттік сатып алу туралы шарттарды қоспағанда, шарттарды жасасу және олардың орындалуын бақылау тәртібі туралы ереже.
19. Еңбекті қорғауды басқару жүйесі және қауіпсіздік техникасы туралы ереже.
20. Персоналмен жұмыс істеудің техникалық регламенті.
21. ҚТ күнін өткізу жөніндегі нұсқаулық.
22. Лауазымдар мен жұмыс түрлері бойынша еңбекті қорғау және қауіпсіздік техникасы жөніндегі нұсқаулықтар.
23. «Atlas» биллингтік жүйесіне тексеру актілерін енгізу және тексеру актілерін беру жөніндегі регламент.
24. Электр энергиясын есептеу және қайта есептеу бойынша регламент.
25. Құжаттама жасау, құжаттаманы басқару және электрондық құжат айналымы жүйесін пайдалану қағидалары.
26. Ишкі еңбек тәртібі ережелері.
27. Коммерциялық (қызметтік) құпияны құрайтын мәліметтерді беру және сақтау тәртібі туралы ереже.

28. Өндірістік қызметтерде, АЭЖ-де және бөлімдерде алғашқы медициналық көмек көрсету кезіндегі еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау жөніндегі нұсқаулық.
29. Объектілердегі өрт қауіпсіздігі шаралары туралы жалпы нұсқаулық.
30. Ақпараттық қауіпсіздік саясаты.
31. Ақпараттық қауіпсіздік тәуекелдерін бағалау әдістемесі.
32. Ақпаратты өндеу құралдарымен байланысты активтерді сәйкестендіру, жіктеу және таңбалau қағидалары.
33. Ақпаратты өндеу құралдарымен байланысты активтердің үздіксіз жұмысын қамтамасыз ету жөніндегі ереже.
34. Есептеу техникасы, телекоммуникациялық жабдық және бағдарламалық қамтамасыз ету құралдарын түгендешеу және паспорттау қағидалары.
35. Ақпараттық қауіпсіздіктің ішкі аудитін жүргізу қағидалары.
36. Ақпаратты криптографиялық қорғау құралдарын пайдалану ережелері.
37. Электрондық ақпараттық ресурстарға қол жеткізу құқықтарының аражігін ажырату қағидалары.
38. Интернет және электрондық поштаны пайдалану ережелері.
39. Аутентификация рәсімін ұйымдастыру қағидалары.
40. Антивирустық бақылауды ұйымдастыру ережелері.
41. Мобильді құрылғылар мен ақпарат тасымалдағыштарды пайдалану ережелері.
42. Ақпаратты физикалық қорғауды ақпаратты өндеу құралдарын және ақпараттық ресурстардың жұмыс істеуінің қауіпсіз ортасын ұйымдастыру қағидалары.
43. Тауарларды, жұмыстарды және көрсетілетін қызметтерді мемлекеттік сатып алушы жүзеге асыру кезінде құрылымдық бөлімшелер арасындағы өзара іс-қимыл регламенті.
44. Кінәрат-куынның жұмысының регламенті
45. Бөлімшелер туралы ережелер мен лауазымдық нұсқаулықтарды әзірлеу, келісу, бекіту және өзгерту регламенті.
46. Инвестициялық бағдарламаны әзірлеу, мониторингілеу және басқару жөніндегі регламент.
47. «Астана-АЭК» АҚ-ның энергиямен жабдықтаушы ұйымдармен электрмен жабдықтау шартын жасасу/бұзу және тұтынушылармен (занды/жеке тұлғалармен) электр энергиясын өткізу мәселелері бойынша өзара іс-қимыл регламенті.
48. Көлік құралдарын пайдалану ережелері.
49. Қатардағы құрамды, инженерлік-техникалық персонал қызметкерлерін аттестаттау туралы ереже.
50. КЖҚ-ның қызметтермен өзара әрекеттесу регламенті
51. Кабель желілерін монтаждау, кабельдік каналдағы авариялық-қалпына келтіру жұмыстары кезінде құрылым-монтаждау ұйымдарының жұмыстарды жүргізуі жөніндегі регламент.
52. Өлшеу құралдарын индикаторлар разрядына ауыстыру және олардың жарамдылығын бақылау жөніндегі нұсқаулық.
53. Өлшеу құралдарын пайдалану жөніндегі нұсқаулық.

54. Электр желілерінің тенгерімдік тиесілігін және тараптардың пайдалану жауапкершілігін техникалық шарттарға (100 кВ дейін және одан жоғары) сәйкес ажырату актісін кейіннен бере отырып, электр қондырғысының сыртқы қосылуын тексеру актісін ресімдеу жөніндегі регламент.
55. Жаңа жабдық пен ЭБЖ қосуға/бөлшектеу/ажыратуға өтінім картасын ресімдеу жөніндегі регламент.
56. Салынған объектінің пайдалануға сәйкестігі туралы декларацияға қол қою регламенті .
57. Сыртқы электрмен жабдықтау жобаларын келісу жөніндегі регламент.
58. Тұтынушылар мен қосалқы тұтынушылардың электр қондырғыларын электр желілеріне қосылуға техникалық шарттарды беру және келісу регламенті.
59. ШС, ҮП, ТШС РҚА құрылғыларын пайдалану жөніндегі нұсқаулық.
60. «Астана-АЭК» АҚ қызмет көрсету аумағының 220/110/35/20/10/6 кВ электр желілерін диспетчерлік басқару туралы ереже.
61. «Астана-АЭК» АҚ ОДҚ, ЖҚҚ және ЕАЭЖ ЖДТ жедел персоналдының ӘЖ (КЖ) және 220/6 кВ шағын станциялық жабдықты жедел басқару бойынша өзара қарым-қатынасы туралы ереже.
62. «Астана-АЭК» АҚ ОДҚ қызмет көрсету аумағының 220/110/35/20/10 кВ электр желілеріндегі технологиялық бұзушылықтардың алдын алу, оқшаулау жөніндегі нұсқаулық.
63. «Астана-АЭК» АҚ ОДҚ жедел басқаруындағы немесе жедел қарауындағы электр желілерінің қалыпты жұмыс режимін жүргізу жөніндегі нұсқаулық.
64. «Астана-АЭК» АҚ жедел персоналдының жедел журнал жүргізу тәртібі туралы нұсқаулық.
65. «Астана-АЭК» АҚ ОДҚ қызмет көрсету аумағының электр қондырғыларын бастапқы және қайталама коммутациялау схемаларындағы ауыстырып-қосулар жөніндегі нұсқаулық.
66. «Астана-АЭК» АҚ ОДҚ қызмет көрсету аумағының жабдықты жөндеуге шығару және энергия объектілерін пайдалануға беруді ұйымдастыру жөніндегі нұсқаулық

Қоғамның қызметін реттейтін нормативтік-құқықтық актілерді (НҚА) зерделеу оларда сыйайлас жемқорлық тәуекелдері бар белгілердің болуын анықтады:

#### **Персоналмен жұмыс бөлімі:**

**1) Сыйайлас жемқорлық тәуекелі** – белгілі бір лауазымға іріктеуді және кейіннен тағайындауды жүзеге асыру барысында бос лауазымға ізденушіге қойылатын талаптарды асыра немесе төмендетуге мүмкіндік беретін дискрециялық өкілеттіктер. Қоғамда лауазымға тағайындау тәртібін қамтитын регламенттің болмауына байланысты талдау жүргізу мүмкін емес.

**Жою жөніндегі ұсынымдар:** Қоғамдағы бос лауазымға тағайындау тәртібін регламенттейтін ішкі құжатты әзірлеу.

**2) Сыйайлас жемқорлық тәуекелі** – мұдделер қақтығысының болуы.

**Жою жөніндегі ұсынымдар:** комплаенс-офицермен бірлесіп, мұдделер қақтығысына қатысты нормаларды сактау бөлігінде «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» КРЗ 14-бабын бұзушылықтарға жол бермеу туралы қабылданатын қызметкерлермен мониторинг және түсіндіру жұмыстарын жүргізу.

Сондай-ақ сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін ішкі талдау қорытындылары бойынша айқындалған сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне шалдыққан лауазымдардың тізбесі жасалды (сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу жөніндегі әдістемелік ұсынымдарға 4-қосымшаға сәйкес).

## **2. Мұдделер қақтығысын реттеу**

Талданып отырған кезеңде «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» КРЗ 14-бабында көзделген мұдделер қақтығысының болу фактісі анықталды (анықталған күні 15.01.2024 жыл).

Мән-жайларды зерделеу кезінде жақын туыстардың бірлесіп жұмыс істеу фактісі анықталды - Сарыарқа АЭЖ бастығы аз. С.И. және Сарыарқа АЭЖ тарату желілерін пайдалану жөніндегі 5-дәрежелі электрмонтер (ҮП, ТШС, КТШС-10/0,4 кВ) аз. С.О. олар ағайынды болып табылады.

Осы факт бойынша комплаенс офицер Қоғам басшысына туындаған сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін жою және «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» КР Заңының 6-бабы және 15-бабы шеңберінде белгіленген нормаларға сәйкес келтіру бойынша ұсынымдармен анықтама берді.

Қызметкерлерде нақты немесе ықтимал мұдделер қақтығысының болуы туралы талдау нәтижелері бойынша комплаенс-офицер мұдделер қақтығысын реттеу үшін «Астана-АӘК» АҚ қызметкерлері мен лауазымды тұлғаларында мұдделер қақтығысын анықтау және реттеу жөніндегі саясаттың IV бөлімінің 23-тармағының 4-тармақшасына сәйкес қызметкерді мұдделер қақтығысына байланысты емес еңбек функцияларын орындауды көздейтін лауазымға ауыстыруды ұсынды.

Қазіргі уақытта жоғарыда аталған мұдделер қақтығысы дерегі бойынша жою үшін барлық қажетті шаралар қабылданды. Комплаенс-офицердің ұсынымына сәйкес, Басқарма төрағасының 2024 жылғы 29 наурыздағы №270-Л/С бұйрығымен аз. С.О. Есіл АЭЖ тарату желілерін пайдалану жөніндегі электрмонтер лауазымына ауыстырылды.

## **3. Мемлекеттік қызмет көрсету**

Қоғам мемлекеттік қызмет көрсетпейді.

## **3. Рұқсат беру функцияларын іске асыру**

Қоғамда рұқсат беру функциялары жоқ.

## **4. Бақылау-тексеру функцияларын іске асыру**

Қоғам бақылау-тексеру функцияларын жүзеге асырмайды.

## **5. Бюджет және қаржы қаражастын игеру және болу**

Талданып отырған кезеңде мемлекеттік аудит органдары тарапынан камералдық бақылау нәтижелері бойынша сатып алуды қайта қарau немесе болдырмау фактілері анықталмаған. Орташа нарықтық көрсеткіштерден тауарлық-материалдық құндылықтардың аффилирлену және құнының асып кету фактілері анықталмаған.

#### **6. Жеке және заңды тұлғалармен шарттар жасасу**

Жеке және заңды тұлғалармен шарттар жасасу және оларды сыйайлас жемқорлыққа қарсы іс кимыл туралы заңнаманы бұза отырып орындау фактілері анықталған жоқ.

#### **7. Ақпараттық жүйелерді әзірлеу және пайдалану**

Қоғам ақпараттық жүйелерді әзірлеуді жүзеге асырмайды, өйткені ол тек қызметтерді пайдаланушы болып табылады.

#### **8. Ұйымдастыруышылық-басқарушылық қызметтің туындаштын өзге де мәселелер**

Талдау барысында Қоғамның келесі бөлімшелерінің қызметінде бірқатар сыйайлас жемқорлық тәуекелдері анықталды:

#### **Откізу қызметі:**

**3) Сыйайлас жемқорлық тәуекелі** - қызметкерлердің ақпараттық-билингтік жүйеге заңды және жеке тұлғаларды тексеру актілері бойынша дәйектерді енгізу мүмкіндігі.

**Жою бойынша ұсыныстар:** адам факторын болдырмау мақсатында жүйеге автоматты түрде жүктеу үшін электрондық актілерді пайдалану арқылы ақпараттық-билингтік жүйені жетілдіру. Бұзушылықтар үшін жауапкершілік туралы бұйрық дайындау.

#### **Электр энергиясын тұтынуды бақылау басқармасы (ЭЭТББ):**

**Сыйайлас жемқорлық тәуекелі** - алдыңғы актіні жою кезінде бұзушылықтардың жоқтығы туралы қосымша актілер жасау (бланкілердің жоғалғаны немесе бүлінгені туралы акт жасау) жолымен тұтынушылардың ЭЭПК бұзушылықтарын жасыру мүмкіндігі.

**Жою бойынша ұсыныстар:** бланк өнімдерін пайдалануды бақылау және бланкілерді бүлдіргені және жоғалтқаны үшін қызметкерлерді тәртіптік жауапкершілікке тарту туралы бұйрық дайындау.

#### **Өндірістік-техникалық қызмет (ӨТК):**

**4) сыйайлас жемқорлық тәуекелі** - электрмен жабдықтау жөніндегі жобаларды келісу кезінде тұтынушылармен байланыс және процесті жеделдеткені үшін тұтынушылардан заңсыз сыйақы алу тәуекелі.

**Жою бойынша ұсыныстар:** жобаларды келісу бойынша қызметті электрондық форматқа көшіру.

#### **Мемлекеттік сатып алу бөлімі (МСАБ):**

**5) Сыбайлас жемқорлық тәуекелі** - тауарларды, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерді сатып алуға арналған техникалық ерекшеліктерді тиісінше ресімдемеу не дұрыс емес деректерді енгізу.

**Жою жөніндегі ұсыныстар:** ұлттық стандарттарды, ал олар болмаған жағдайда сатып алынатын тауарларға, жұмыстарға және көрсетілетін қызметтерге мемлекетаралық стандарттарды көрсетуді қамтамасыз ету жөніндегі регламентті әзірлеу. Ұлттық және мемлекетаралық стандарттар болмаған кезде сатып алынатын тауарлардың, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтердің талап етілетін функционалдық, техникалық, сапалық және пайдалану сипаттамаларын көрсету.

#### **Бухгалтерия:**

**6) Сыбайлас жемқорлық тәуекелі** - кассаға түсетін қолма-қол ақша қаражатын мақсатсыз пайдалану (айналымы).

**Жою бойынша ұсыныстар:** бұзушылық үшін жеке жауапкершілік туралы бұйрық дайындау, кенеттен тексерулер жүргізу.

#### **Метрология бөлімі (МБ):**

**7) Сыбайлас жемқорлық тәуекелі** - Қоғам бөлімшелерінің ҚР МӘЖ тізіліміне енгізілмеген өлшеу құралдарын сатып алу мүмкіндігі («Өлшем бірлігін қамтамасыз ету туралы» Заңының 19-бабы, ҚР СТ 2.4 Өлшем құралдарын тексеру. Үйымдастыру және өткізу тәртібінің 4.3-тармағы).

**Жою бойынша ұсыныстар:** қолданылатын өлшеу құралдарына тұрақты метрологиялық бақылау жүргізу. Өлшеу құралдарын пайдалану жөніндегі нұсқаулыққа сәйкес өлшеу құралдарын сатып алу алдында бөлімшелерден келісу талап ету туралы бұйрық дайындау.

#### **Механизация және көлік қызметі (МжКК):**

**8) Сыбайлас жемқорлық тәуекелі** - автокөлік пен арнайы техниканы жөндеуге арналған қосалқы бөлшектерді жалған есептен шығару және жанаржагармай материалдарын есептен шыгару.

**Жою бойынша ұсыныстар:** МТС есептен шығару кезінде бұзушылықтар үшін жауапкершілік туралы бұйрық дайындау.

#### **Жедел-диспетчерлік қызмет (ЖДК):**

**9) Сыбайлас жемқорлық тәуекелі** - алынған қаражатты мүдделі тұлғалардың иелену жолымен Қоғам қызметкерлерінің Қоғам кассасына ақы төлемей ақылы қызметтер көрсету мүмкіндігі.

**Жою бойынша ұсыныстар:** қызметкерлермен жауапкершілік туралы хаттамалық кеңес өткізу және қызметкерлердің қызметіне бақылауды күшету.

#### **ЭКЕАЖ қызметі (ЭКЕАЖҚ):**

**10) Сыбайлас жемқорлық тәуекелі** - ЭКЕАЖ жүйесін баптау және реттеу кезінде, есепке алу аспаптары мен ТШС жобаларын келісу кезінде, актілер мен декларациялар бойынша белгіленген ЭКЕАЖ жүйесінің сәйкестігіне тексеру жүргізу кезінде қызметкерлердің тұтынушылармен байланысы.

**Жою бойынша ұсыныстар:** қызметкерлермен жауапкершілік туралы түсіндіру жұмыстарын және хаттамалық кеңес өткізу.

**Өндірістік-техникалық бөлімшелер:**

**11) Сыбайлас жемқорлық тәуекелі** - Қоғамның мүлкін пайдалана отырып, жұмыс уақытында бөгде ұйымдарда (жеке тұлғаларда) электрмонтаждау жұмыстарын орындау.

**Жою бойынша ұсыныстар:** қызметкерлермен жауапкершілік туралы түсіндіру жұмыстарын және хаттамалық кеңес өткізу.

**13) Сыбайлас жемқорлық тәуекелі** - тұтынушыларды Қоғам желілеріне рұқсатсыз қосу.

**Жою бойынша ұсыныстар:** осы бұзушылық үшін қызметкерлердің жауапкершілігі туралы бұйрық дайындау.

**Қоғамның барлық бөлімшелері:**

**14) Сыбайлас жемқорлық тәуекелі** - Қоғам қызметкерлерінің қызметтік автокөлікті және өзге де материалдық-техникалық құралдарды жеке мақсаттарда пайдалануы.

**Жою жөніндегі ұсыныстар:** көлік құралдары мен ТМК-ны жеке мақсатта пайдаланғаны үшін жауапкершілік туралы хаттамалық кеңес өткізу.

**Талданатын кезең ішінде:**

- Қоғам қызметкерлерінің сыйбайлас жемқорлыққа қарсы шектеулерді қабылдамау, толық немесе уақытылы қабылдамау фактілері анықталған жоқ;

- мүліктік және мүліктік емес игіліктер мен артықшылықтарды алу немесе табу мақсатында ресми таратылуға жатпайтын қызметтік және өзге де ақпаратты пайдалану фактілері анықталған жоқ;

- егер мұндай іс-әрекеттер қызметтік өкілеттікке кіретін болса, оларды ұсынған адамдардың пайдасына іс-әрекеттері (әрекетсіздігі) үшін материалдық сыйақыны, сыйлықтарды немесе қызметтерді қабылдау фактілері анықталған жоқ;

- ҚР шегінен тыс орналасқан шетелдік банктерде шоттарды (салымдарды) ашу, иелену, қолма-қол ақша мен құндылықтарды сақтау фактілері анықталған жоқ;

- сыйбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасағаны үшін Қоғам қызметкерлерін қылмыстық жауапкершілікке тарту фактілері анықталған жоқ.

**Сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл бойыниша жұмысты ұйымдастыру**

«Сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Қазақстан Республикасының Занына, Квазимемлекеттік сектор субъектілеріндегі сыйбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс қызмет туралы үлгілік ережеге, «Астана-АЭК» АҚ комплаенс-офицері туралы ережеге сәйкес функциялары мен өкілеттіктері Қоғамның комплаенс-офицеріне жүктелген.

Қалыптасқан тәжірибеге сәйкес, Қоғамда қызметкерлер мен бөлімшелердің көп болуына байланысты комплаенс-офицерге жәрдем көрсету

мақсатында 2021 жылдан бастап құрамында Қоғамның Басқарма төрағасы, комплаенс-офицер, қауіпсіздік бастығы және жетекші инженері, жоспарлау-экономикалық бөлім бастығы, тенгерімдер мен шарттар қызметінің бастығы, заң қызметінің бастығы, жедел-көшпелі қызметтің бастығы, электр желілеріне қол жеткізу қызметінің бөлім бастығы бар сыйайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау (бұдан әрі-СЖТІТ) жүргізу жөніндегі жұмыс тобы құрылды.

Ұжым бөлігінің сыйайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі қызметке осындай қатысуы қызметкерлердің Қоғамдағы сыйайлас жемқорлық көріністеріне төзбеушілік атмосферасын құру мақсатында осы жұмыстың өзектілігін түсінуге тартылуына ықпал етеді.

Қоғам басшылығындағы кадрлық өзгерістерге, сондай-ақ штат кестесінің өзгеруіне, жаңа бөлімшелердің құрылудына байланысты жұмыс кестесіне және жұмыс тобының құрамына жыл ішінде түзетулер енгізілді.

СЖТІТ жүргізу бойынша жұмыс тобының қызметі келесідей ұйымдастырылған: жұмыс тобының отырыстары Басқарма төрағасының бұйрығымен бекітілген СЖТІТ кестесіне сәйкес өткізіледі. Жұмыс тобының отырысында 2-қызметкерден тұратын 4-кіші топ айқындалады, олар СЖТІТ жүргізу үшін тиісті бөлімшелерге жіберіледі. СЖТІТ аяқталғаннан кейін жұмыс тобының отырысы өткізіледі, онда СЖТІТ өткізілген бөлімшелердің басшылары тыңдалады, оларға сыйайлас жемқорлық тәуекелдерін жою немесе азайту жөнінде ұсынымдар беріледі, олардың орындалуы туралы белгілі бір мерзімде жұмыс тобына хабарлауға міндетті. Ағымдағы жылы сыйайлас жемқорлық тәуекелдері жөніндегі жұмыс тобының қызметі бұрын өткізілген СЖТІТ нәтижелері бойынша бөлімше басшыларына берілген ұсынымдардың орындалуын бақылауға бағытталды.

### **Талданған кезеңде келесі жұмыстар жүргізілді:**

1. Қоғамда Сыйайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі іс-шаралар жоспары бекітілді.
2. Қоғам қызметкерлерінің сыйайлас жемқорлық заңнамасын бұзу фактілері немесе ықтимал бұзушылықтары туралы хабардар ету туралы регламент әзірленді.
3. Қоғам персоналымен (Жедел-көшпелі қызмет, Электр желілеріне қол жеткізу қызметі, Электр энергиясын тұтынуды бақылау басқармасы), сондай-ақ аудандық бөлімшелерге (Есіл, Сарыарқа, Алматы, Байқоңыр аудандарының АЭЖ) және №1,2,3,4,5 сервистік орталықтарға шығып, жетекшілік ететін Басқарма төрағасының өткізу жөніндегі орынбасарымен бірлесіп бірқатар түсіндіру және оқыту іс-шаралары өткізілді.
4. «Сыйайлас жемқорлықтың алдын алу және оған қарсы іс-қимыл» №4 үлгілік базалық бағыт» жобаларын орындау жөніндегі Нұсқаулықтың №2 қосымшасына сәйкес уәкілетті органдарға тоқсан сайынғы есептерді уақтылы ұсыну қамтамасыз етілді.

### **ТҰЖЫРЫМ:**

1. «Астана-АӘК» АҚ талдамалық анықтамаға қол қойылған күннен бастап 10 жұмыс күні ішінде Сыйайлас жемқорлық тәуекелдерін ішкі талдау нәтижелері

бойынша анықталған сыйайлар жемқорлық құқық бұзушылықтар жасауға ықпал ететін себептер мен жағдайларды жою жөніндегі іс-шаралар жоспарын әзірлесін және келіссін.

2. Жаупты тұлға – комплаенс офицер жұмыс тобының құрамында сыйайлар жемқорлық тәуекелдерін ішкі талдау нәтижелері бойынша анықтамаға қол қойылған күннен бастап ұсынымдардың орындалуына мониторинг пен бағалауды жүзеге асырын.

3. Жаупты тұлға – комплаенс офицер, Қоғамның бөлімше басшылары сыйайлар жемқорлық құқық бұзушылықтардың алдын алуға және Қоғам қызметкерлері арасында сыйайлар жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыруға бағытталған жұмысты тұрақты негізде жүргізсін.

**Басқарма төрағасы**



R. Абжанов

**Комплаенс-офицер**



S. Аманжолов